

**МЕКЕМЕ МЕН БІЛІКТІ МАМАНДАР ДАЙЫНДАУ САЛАСЫНДАҒЫ
ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ АРАСЫНДАҒЫ
БІРЛЕСКЕН ІС-ӘРЕКЕТ ЖӨНІНДЕ (ҚАМҚОРШЫЛЫҚТЫ БЕКІТУ ТУРАЛЫ)
КЕЛІСІМ ШАРТ № 6**

Чапаев ауылы «14» 04 2025 ж.

Бұдан әрі Білім беру ұйымы деп аталатын "Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының "Ақжайық аграрлық техникалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Сағындыков Жарас Минович техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы бір тараптан және бұдан әрі Мекеме деп аталатын ЖШС «ҚАЖсервис» БҚО филиалы № 40 ЖПБ атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Айтпаев Тимур Сансызбаевич екінші тараптан төмендегілер туралы осы Шартты жасасты:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

- 1.1. Шарттың мәні тараптардың білікті кадрларды даярлау саласындағы бірлескен қызметі болып табылады
- 1.2. Мекеме Білім беру ұйымын келесі мамандық(тар) бойынша қамқорлыққа алады
07161600 Ауыл шаруашылығын механикаландыру

2. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

- 2.1. Тараптар осы Шартты іске асыру жөніндегі қызметті барлық тараптардың тең құқылығы, ынтымақтастығы, өзара пайдасы және тараптардың міндеттемелерінің орындалуы негізінде бірлесіп жүзеге асыруға ниеттенеді.

3. БІРЛЕСКЕН ҚЫЗМЕТТІҢ БАҒЫТТАРЫ

Тараптар арасындағы бірлескен қызмет мынадай бағыттарды қамтуы мүмкін:

- 3.1. Мамандықтар бойынша оқу процесінің кестесін және оқу жоспарларын жұмыс берушімен келістіру.
- 3.2. Студенттердің өндірістік машықтанудан өтуі үшін жұмыс орындарын анықтау және ұсыну.
- 3.3. Машықтану түрлері бойынша (оқу, танымдық, технологиялық, өндірістік, курстық, диплом алдындағы) оқу жоспарларын, жұмыс берушінің кәсіптік даярлық мазмұнына қойылатын өзгеретін талаптарын ескере отырып мамандықтарға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу.
- 3.4. Материалдық-техникалық базаны жасақтау бойынша бірлескен қызмет
- 3.5. Жұмыс берушінің өтінімдері бойынша мамандар даярлау.
- 3.6. Арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің тағылымдамаларын ұйымдастыру және өткізу.
- 3.7. Арнайы пәндерді оқыту үшін инженерлік техникалық қызметкерлерді тарту.
- 3.8. Шығыс материалдарымен қамтамасыз ету бойынша көмек;
- 3.9. Кәсіпорындарға оқытудың 1 курсынан бастап студенттерді бекіту (өндіріс туралы қажетті ақпарат алу, осы кәсіпорында практикадан өту мүмкіндігі және т.б. мақсатында)..
- 3.10. Бірлескен қызмет бағыттарымен байланысты конференцияларды, семинарларды және басқа да іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.
- 3.11. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес түлектерді жұмысқа орналастыруға бірлесіп жәрдемдесу.

4. ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

4.1. Бағыттарды іске асыру Тараптармен келісілген және бекітілген, жауапты тұлғалармен сәйкес жылға әзірленген іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын болады

Сәрсенбай Айхан Серікұлы, Серікова Айнара Қуанышқызы

(жауапты тұлғалардың Т.А.Ә)

4.2. Тағайындалған жауапты тұлғалар іс-шаралар жоспарын әзірлеуге, өзара іс-қимыл тетігін айқындауға, бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге, есептер жасауға, алынған нәтижелерді талдауға және ұсынымдар әзірлеуге жауапты болады.

4.3. Осы Шарттың орындалуына жауапты тұлғалар тоқсанына бір рет атқарылған жұмыс туралы жазбаша есептер дайындайды.

4.4. Жұмыс кездесулері өзара келісілген отырыс кестесі бойынша өткізіледі.

4.5. Жауапты тұлғалар Тараптардың талқылауы және қажетті шаралар қабылдау үшін осы Шарт шеңберінде кез келген мәселелерге бастамашылық жасауға құқылы.

5. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

5.1. Қажет болған жағдайда осы Шарт Тараптардың өзара жазбаша келісімі арқылы өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

6. ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

6.1. Шарт оған Тараптар қол қойған және Білім басқармасымен және Өңірлік Кәсіпкерлер палатасымен келісілген сәттен бастап күшіне енеді.

6.2. Осы Шартты өзгерту Тараптардың бастамасы бойынша осы Шартқа оның ажырамас бөлігі болып табылатын толықтырулар түрінде жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

6.3. Оқу жылының қорытындысы бойынша Шарт міндеттемелерінің орындалуы Қамқоршылық кеңестің отырыстарында талқыланады және Білім басқармасы мен Өңірлік Кәсіпкерлер палатасына жолданады.

6.4. Осы Шарт бірдей заңды күші бар 2 данада жасалды, біреуі – Білім беру ұйымына, біреуі — Мекемеге.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ

Білім беру ұйымы:

Батыс Қазақстан облысының
әкімдігі білім басқармасының
«Ақжайық аграрлық техникалық
колледжі» МКҚК.

Мекен-жайы:

090100, БҚО, Ақжайық ауданы,
Чапаев а., Есенжанов к., 127;

Телефон/Факс:

Қабылдау бөлмесі: 8 (71136) 91-596,

Бухгалтерия: 8 (71136) 92-143;

Директор:

Сатындыков Жарас Мирович



Ұйым атауы:

ЖШС «ҚАЖсервис» БҚО филиалы
№ 40 ЖПБ

Мекен-жайы:

090100, БҚО, Ақжайық ауданы,
Чапаев а., Есенжанов к., 102;

Телефон: +77055154935

Мекеме басшысы:

Айтпаев Тимур Сансызбаевич

